

**«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Ажарбекова Эльвира Насипқуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы»
такырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс тақырыбы тіл ғылымының өзекті бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар, ғылымды дамытуға арналған зандар негізінде жүргізілген. Қазіргі заманғы лингвистика ғылымының дамуы тілдің құрылымын, қолданылу қызметіне тән ерекшеліктерін жана ғылыми бағыттармен байланыстыра қарауды қажет етіп отыр.</p> <p>Тіл білімінде антропоцентристік парадигма жана ғылыми теория мен бағыттардың туындауына негіз болды. Сондай ғылыми бағыттардың бірі – лингвистикалық аксиология. ХХ ғасырдың 90-жылдарында жеке ғылыми пән ретінде қалыптаса бастаған бұл бағыт қазіргі таңда лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, лингвоконцептология, прагмалингвистика сияқты лингвистикалық пәндердің, бағыттардың, концепциялар мен жаңа теориялардың арасында орын алды. Философия мен лингвистиканың жігінде пайда болған бұл бағыт адам мен қоғамның құндылыққа деген көзқарасын тіл арқылы зерттеп, тіл арқылы түсіндіруді көздейді. Антропоөзектік ізденістер нәтижесі тілдің көп қырлы сан-салалы қызметін, адам және оның ақыл-ойымен, аялық білім қорымен, дүниетанымдық көзқарасымен, тілдік санадағы этномәдени стеоротиптік болмыс-бітімімен сабактастыра қарастыруды басты ұстанымдық бағыт етеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлес коса алады, оның маңыздылығы жан-жакты ашылған. Диссиденттың ғылыми жұмысы зерттеудің объектісіне емес, субъектісіне бағытталған жаңа ізденістер аясында жазылған. Заманауи ғылыми ізденістердің басымдық беретін тұсы да адам және адамның түрлі адами қасиеттері болып отыр. Ал диссиденттың жұмысы адами қасиеттерді жеке бөліп алып, оларға не жатады, экспликациясында не қарастырылады, адами қасиеттерді білдіретін сөздердің лексика-семантикалық өрісі калай қалыптасатыны туралы ізденістерге құрылған. Осы сөздердің семантикасын ашуда өріс теориясын пайдалана отырып, «адами қасиет» бойынша схемасын жасайды, кіші семантикалық топтарын анықтайды, адами қасиеттерді анықтауда психологиялық әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, темперамент түрлерін жіктең, дифференциалды семаларын, атап айтқанда, алпыс бір лексеманың семасын нақтылау арқылы тақырып мәнін ашуы

			ғылымға қосқан үлес болып табылады. Сол себепті ұсынылып отырған зерттеу жұмысы тіл біліміндегі манызды тақырыптардың бірі болып саналады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Диссертациялық жұмыс өзі жазу қағидаты түрғысынан жоғары деп бағаланды. Жаңа ғылыми парадигма сай тілді зерттеуде негізгі назар тілді тұтынушыға, яғни адамға аударылады, сонымен байланысты тілді зерттеудің жаңа максаттары, манызды ұғымдар мен тәсілдер, метатілдік теориялар негізге алынған. Халықтың дүниетанымы мен болмысын, тілдік колданысын этностың ұлттық танымымен байланысты тұжырымдау ғана оны түсінуге мүмкіндік береді. Дегенмен кейір тұстарда, біріншіден, оннан астам ғылыми сөз үзіктері, дәйексөздер аударылмай берілген. Ғылыми жұмыс казақ тілінде жазылғандықтан, дәйексөздерді қазақ тіліне аударып, нақты аудармасын баламаларды пайдалана отырып бергені дұрыс болар еді. Сондай-ақ соңғы жылдардағы жарық көрген зерттеу енбектері мен ғылыми ізденістерді, казақ ғалымдарының, шетелдік зерттеушілердің енбектерімен жан-жакты таныса отырып, өз ізденістерін жетілдіруде, тұжырымдарын толыктыруда, пайдалану қажет деп ойлаймыз.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Жұмыста адамның мінез-құлышы, лингвистика мен психология ғылымдарын тоғыстыра отырып, тілдік түрғыдан олардың берілу жолдары барынша түбекейлі ізденістермен, мысал дәлелдермен, атап айтқанда, фразеология, мақал-мәтәл, тенеулер, сын есімдерден мысалдар келтіру арқылы, олардың бағалауыш мәнін көрсету арқылы, қазақ тіліндегі сын есімдердің лексика-семантикалық өріс аясында қарастырып, семалық белгілеріне қарай талдаулар жасау арқылы өзектілігін ашылатынын бере алған. Ер адам мен әйел адамның адами қасиетінің сипатын нақты негіздеуде түрлі жастағы адамдар арасында сауалнамалар жүргізіліп, сауалнама нәтижесі берілген, алтыдан астам өзектілікі көрсететін дәлелдер, алты жеті түрлі тұжырымдары негізделіп берілген. Сондықтан негізделуі жеткілікті саналады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Тұтасымен алғанда диссертация тақырыбы мен жұмыс мазмұны арасында байланыс бар, мазмұн тақырыпты айқындауды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	Диссертация бөлімдері арасында және бөлім мен бөлімшеде көтерілетін мәселелер бір-бірінен туындалп отыратындықтан, логикалық тұрғыдан толық байланысқан деп санаймыз.
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	. Өріс құрамындағы лексемалардың парадигмалық, синтагмалық катынасы турасындағы айтылған тұжырымдарды негізге ала отырып, «адами қасиет» өрісіндегі лексемалардың мағыналас және қарама-карсы мәнде жұмсалуын талдаған. Сондай-ақ ағылшын, орыс, түркі тілдеріндегі адам бойындағы қасиеттерді сипаттайтын тілдік бірліктер мен қазақ тіліндегі тілдік бірліктерді салыстыра отырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін де анықтап талдаған тұстары бар.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	Диссертациялық еңбектің фылыми жаңалығы дау тузызбайды, өйткені қазақ тіл білімінде адами қасиеттер лексика-семантикалық тұрғыдан кешенді алынып бұрын-соңды арнайы зерттеу нысаны болған жоқ.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	Бірақ бұл айтылған жаңалық деңгейлері жалпы алғандағы жұмыстың жалпы жаңалық деңгейінің толықтығына эсер етпейді, яғни қорытындылар толығымен жаңа.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	1) толығымен жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар фылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Корытындылар ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Көрғауға	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап	

	шығарылған негізгі қағидаттар	<p>беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>7.1 дәлелденді</p> <p>7. 2 жоқ, тривиалды емес</p> <p>7. 3 иә, жана</p> <p>7. 4 кең</p> <p>7. 5 иә, дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 	<p>1) иә</p> <p>1) иә. Дегенмен жана технологиялар, сайттағы сөздіктер, жиілік сөздіктері мен корпус материалдарын, мәтін түрлерін ұлттық корпус материалдарын пайланану жағы жетіспейді.</p> <p>Сауалнамалар берілгенмен, білім беру бағытына сәйкес эксперимент жүргізілмеген. Дегенмен, иә деуге болады. Осы бөліктө де жартылай дәлелденген деген пікір болса, дұрыс болар еді.</p>

		2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәліметтер ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған. Дегенмен ғылыми әдебиеттерді мейлінше толық пайдалана алмаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 159 еңбек көрсетілген. Зерттеуге әдебиеттер саны жеткілікті. Дегенмен әлі де кейінгі кезде жарық көрген әдебиеттермен толықтыру керек еді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	1) иә
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	1) иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) жаңа болып табылады
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	1) жоғары.

Пікірге ұсынылып отырған диссертациялық енбектің ғылыми жаңалығы дау туғызбайды, өйткені қазақ тіл білімінде адами қасиеттер лексика-семантикалық түрғыдан кешенді алынып бұрын-сонды арнайы зерттеу нысаны болған жоқ.

– адам бойындағы қасиеттерді сипаттауда қолданылатын фразеологизмдер, паремия, тенеулер топтастырылды деген жаңалығы жаңа емес. Бұрыннан да осындай сөздер адамның жағымды-жағымсыз қасиеттерін жеткізетіні айтылып жүр.

– адами қасиетті сипаттайтын лексемалардың лексика-семантикалық өрісі түзілді деген жаңалығы толығымен жаңа. Жалпы ФСӨ туралы зерттеулерде айтылып жүргенмен, арнайы жеке бөліп алынып, қарастырылмаган, сондықтан толығымен жаңа.

– адами қасиет өрісіне енетін лексемалардың парадигмалық, синтагмалық қатынастары сарапанды деп ұсынылып отырған жаңалығы толығымен жаңа деуге болады. Себебі парадигматикалық және синтаматикалық типтік қатынастардың тілдік сипаты жалпылай айтылып жүргенмен, адами қасиеттерді білдіретін лексемалардың парадигматикалық, синтагматикалық қатынастары арнайы қарастырылып, жеке сөз болған емес.

– адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобының ядросы (өзегі) мен перифериясы (шеткөрі аймағы) анықталды – жартылай жаңа. Себебі әр кезең сайын, белгілі бір уақыт кесіндісінде өзек сөзтер мен шеткөрі аймақтағы сөздер қатары өзгеріп отырады. Сондықтан бұл жаңалық толық болуы үшін ең болмағандың екі кезеңі салыстырылып берілуі тиіс деп білемін. Алдыңғы дәуірдегі кейбір өзекті болған сөздер келесі кезеңде шеткөрілеп қалуы мүмкін. Бұл арада адами қасиеттер өзгермеудің деген көзқарас уәж бола алмайды. Себебі бағалауыштық сипат таным мен қабылдауға байланысты қалыптасатыны, таным мен қабылдау үдерісіне осы процестердің әсері болатыны ескерілуі керек еді.

Сондай-ак диссертациялық жұмыс бойынша кейбір ұсыныс, ескертпелердің айта кетуді жөн санаймын:

Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәліметтер гылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған. Зерттеуде 159 әдебиетке сілтеме жасалған, дегенмен ғылыми әдебиеттерді мейлінше толық пайдалана алмаған, әлі де кейінгі кезде жарық көрген әдебиеттермен, тақырыпка қатысты тікелей болмаса да, бағалауыштық бойынша жазылған пікірлер толық келтірілмеген. Соның жылдардағы жарық көрген зерттеу еңбектері мен ғылыми ізденістерді, қазақ ғалымдарының, шетелдік зерттеушілердің еңбектерімен жан-жақты таныса отырып, өз ізденістерін жетілдіруде, тұжырымдарын толыктыруда, пайдалану қажет деп ойлаймыз.

Зерттеу жұмысында оннан астам ғылыми сөз үзіктері, дәйексөздер аударылмай берілген. Ғылыми жұмыс қазақ тілінде жазылғандықтан, дәйексөздерді қазақ тіліне аударып, накты аудармасын баламаларды пайдалана отырып бергені дұрыс болар еді.

Және де жалпы алғанда сын есімдерге семалық талдау мүлдем жасалмаган дей алмаймыз, жаңалық оларды семалық тұрғыдан ұсак топшага жіктеуге байланысты. Сондықтан адами қасиеттерді сипаттауда қолданылатын сын есімдерге семалық талдау жан-жақты жасалып, дифференциалды, интегралды семалары толығымен анықталды дей алмаймыз.

Жоғарыда аталған ұсыныстар мен ескертулер ізденушінің диссертациялық жұмысының мазмұнын, сапасын және құндылығын төмендетпейді. Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Ажарбекова Эльвира Насипкуловна «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін алуға болады деп санаймын және Комитетке Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаны философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.

Ресми рецензент



Мамынова Б.Қ., ф.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Грамматика бөлімінің менгерушісі

(А.Байтұрсынұлы)
«А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты» РМК
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УЧЕБНО-НАУЧНЫЙ ЦЕНТР КАЗАХСТАНА ПО ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ
БАСҚАРУ, КҮЖАТТАМАМЕН КАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІНІҢ ЖЕРГЕШІСІ
«11» 06 2022 ж.